

**Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжіне
2022-2023 оқу жылына оқуға қабылдаудың ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжіне (бұдан әрі – Колледж), ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №200 «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы», Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы №107-1346 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы» оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Колледжге негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

3. Колледжге оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделген:

1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін - 1 пайыз;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – 0,5 пайыз;

3) ауылдың әлеуметтік – экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 30 пайыз;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4 пайыз;

5) жетім балалар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыруды колледж әңгімелесу нысанында белгілейді.

2. Құжаттарды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру

5. Колледжге тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледж басшысы жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясын құрады.

Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және комиссия мүшелері кіреді.

6. Колледждің қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының келісімі бойынша шешіледі.

7. Колледжге оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша:

- оқудың күндізгі нысанына 25 маусым мен 25 тамыз аралығында;
- оқудың сырттай нысанына 25 маусым мен 25 қыркүйек аралығында;
- 01140500 – «Дене тәрбиесі және спорт», 02110300 – «Графикалық және мультимедиялық дизайн», 07310100 – «Архитектура» мамандықтары бойынша 25 маусымнан 20 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

8. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың төлнұскасын қоса бере отырып, "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысын, 3x4 көлеміндегі 4 фотосуретін қоса береді. Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік–шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқынның куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға- пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) оралман – оралман куәлігі.

9. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орнына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі.

10. Колледжге ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы ескеріліп отырып жүзеге асырылады. Түсу емтихандарына қатысу үшін мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама ұсынған кезде, қажет болған жағдайда, мемлекеттік комиссия төрағасының атына:

1) жеке аудитория ұсыну;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пәндердің мұғалімі болып табылмайтын көмекшінің және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысанда қосымша өтініш бере алады.

11. Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша және:

1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

2) негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

3) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;

4) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Колледжге түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

Техникалық және кәсіптік білімнің мамандық бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндер тізбесі осы Ереженің қосымшасына сәйкес айқындалады.

12. 01140500 – «Дене тәрбиесі және спорт», 02110300 – «Графикалық және мультимедиялық дизайн», 07310100 – «Архитектура» мамандықтары бойынша колледжге оқуға түсетін тұлғалар колледж бекіткен бағдарламалар бойынша өткізілетін шығармашылық емтихандар тапсырады.

Шығармашылық емтихандар бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған немесе емтиханға дәлелді себепсіз келмеген азаматтар қалған емтихандарға жіберілмейді.

13. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін түсу емтихандары:

- 01140500 – «Дене тәрбиесі және спорт», 02110300 – «Графикалық және мультимедиялық дизайн», 07310100 – «Архитектура» мамандықтары бойынша шығармашылық емтихандар 21 шілде мен 25 тамыз аралығында өткізіледі.

14. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында колледжде апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссиясының төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылған хаттамамен ресімделеді.

15. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.Білім алушылар құрамына қабылдау

16. Колледжге білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізінде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс: ҰБТ сертификаттарының баллдары негізінде; Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде; пәндер бойынша немесе колледж жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің осы Ереженің 11 тармағына сәйкес баллдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

- 1) негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 20 баллдан кем;
- 2) жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 30 баллдан кем жиғандар жіберілмейді.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

- 1) күндізгі оқу нысанына – 28 тамыз бен 30 тамыз аралығында;
- 2) оқудың сырттай нысанына – 25 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

17. Колледжге қабылдауды қабылдау комиссиясы кәсіптер, мамандықтар бойынша жеке ашық отырыстарда жүргізеді. Іріктеуден өткен тұлғалар бұйрықпен білім алушылардың құрамына қабылданады.

18. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, сырттай оқу нысанына күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стенділерге немесе білім беру ұйымының интернет-ресурстарына жариялау арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізеді.

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
«Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжіне оқуға
қабылдау ережесіне №1 қосымша

**Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру
пәндерінің тізбесі**

№	Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Бейіндік пән атауы	
			негізгі орта білім (жалпы негізгі)	орта білім (жалпы орта)
1	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	1 шығармашылық емтихан	1 шығармашылық емтихан
2	04210100	Құқықтану	Дүнежүзі тарихы	Дүнежүзі тарихы
3	02110300-	Графикалық және мультимедиялық дизайн	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
4	10130100	Қонақ үй бизнесі	Математика	Математика
5	10150100	Туризм	География	География
6	04120100	Банк және сақтандыру ісі	Математика	Математика
7	07880100	Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	Математика	Математика
8	07110500	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	Химия	Химия
9	07230100	Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу	Математика	Математика
10	07211300	Тағам өндірісінің технологиясы	Биология	Химия
11	06130100-	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	Математика	Математика
12	07310100	Архитектура	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру кәсіптік
оқу бағдаламаларын іске асыратын
«Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжіне
оқуға қабылдау ережесіне №2 қосымша

**«Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжі мамандықтарының біліктілігі және
оқу мерзімінің тізбесі**

№	Мамандықтың коды және атауы	Біліктіліктің коды және атауы	Оқу нысандары	
			Негізгі орта білім (жалпы негізгі)	Орта білім (жалпы орта)
1	01140500-Дене тәрбиесі және спорт	4S01140501-«Дене тәрбиесі мұғалімі»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
2	02110300-Графикалық және мультимедиялық дизайн	4S02110304-«Графикалық дизайнер»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
3	04120100-Банк және сақтандыру ісі	4S04120103-«Банк операциялары жөніндегі менеджер»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
4	04210100-Құқықтану	4S04210101-«Заңгер»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
5	06130100-Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130105-«Ақпараттық жүйелер технигі»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
6	07110500-Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	4S07110502-«Техник-технолог»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
7	07211300-Тағам өндірісінің технологиясы	4S07211303-«Техник-технолог»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
8	07230100-Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	4S07230106-«Модельер-конструктор	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
9	07310100-Архитектура	4S07310102-«Техник-жобалаушы»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
10	07880100-Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	4S07880101-«Стандарттау жөніндегі техник»р	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
11	10130100-Қонақ үй бизнесі	4S10130104-«Супервайзер»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай
12	10150100-Туризм	4S10150104-«Туризм менеджері»	2 ж 10 ай	1 ж 10 ай